

Арнайы терапиялардың міндеті олардың өмірге бейімделу қабілеттерін барынша дамыту, кемістіктерін барынша жеңілдеті.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде, қаладағы әртүрлі категориядағы мүмкіндігі шектелген балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінің оқыту-тәрбиелеу және түзету-дамыту үдерістерінде канистерапия мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі туралы айтуға болады.

Қазір арнайы мектептерде әртүрлі заманауи түзету-оқыту технологиялары қолданылатындық белгілі. Егер қалада арнайы канистерапия орталықтары мен емдеуші иттер болатын болса, олармен қызметтестік орнатып, ортақ істер бастау әбден мүмкін жағдай. Арттерапия түрлері – музыкатерапия, хромотерапия, қуыршақ терапиясы, ертегі терапиясы, құм терапиясы тәрізді түзету әдістерімен қатар канистерапияны қолдану да оң нәтижелер беруі ықтимал. Әрі балалар үшін тірі жануарлармен қарым-қатынас анағұрлым қызығырақ, себебі, балалардың барлығы дерлік жан-жануарларды жақсы көреді. Бұл жердегі мақсат – қайткенде де баланың дамуына оң ықпал жасау. Тіпті балаға бір сәттік жақсы әсер сыйлаудың өзі - үлкен іс.

Әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. http://m.ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=38603
3. <http://yvision.kz/post/690385>
4. <http://azh.kz/ru/news/view/34689>

Омирзакова М.Е., академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, Каус-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Сейлханова А.Е.*)

«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫН ДАМУ АЯСЫНДА ЖЕЛІ ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖОБАЛАУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақсан» атты Жолдауында ұсынылған «үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын іске асыру мақсатында мемлекеттік деңгейінде көптеген іс-шаралар атқарылды. Мәселен, еліміздің мектептері заманауи ақпараттық-коммуникативтік құрал-жабдықтармен жабдықтылып, білім алуға қолайлы орта қалыптастырылды десек артық емес[2]. Сонымен қатар, оқушылар сабақ барысында да ғаламтор көздері арқылы шетел тілін жетілдіруге жағдай жасалды. Демек, ғаламтордың мүмкіндігі ағылшын тілі пәні мұғалімінің жұмысын жеңілдетіп, ағылшын тілі сабағында тілдік орта қалыптастыруға, оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттырып, мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттіліктер мен дүниетанымдарын байытуға жол ашады. Facebook, Twitter сияқты әлеуметтік сайттар мен арнайы ғаламтор ресурстар арқылы тілдік орта құрып, оқушылар әлемнің кез келген нүктесінде орналасқан ақпаратты пайдаланады. Мысалы, ғаламторға қосылған әрбір қолданушы АҚШ Конгресі кітапханасының кез келген оқулықтар тізімін тауып, қажетті ақпаратты монитор бетіне шығарып, мақала, репортаж іздеуге, шет тіліндегі әртүрлі журналдар және т.б. ақпарат көздерінен қажетті мәлімет алуға мүмкіндігі бар. Ғаламтор бағдарламалары арқылы қазақстандық оқушылар мен шетелдік оқу орындары оқушыларының арасындағы бірлескен жоба болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, оқушылардың сыныптағы қабырғалары кеңейіп, кез келген мемлекет оқушыларымен қарым-қатынас орнатуға, оқу орындары жөнінде мағлұмат алуға мүмкіндік беретін ашық әлемге шыға алады. Сонымен қатар оқушылар шынайы жағдайда мәдениетаралық қарым-қатынасқа түседі. Желі қауымдастық қарым-қатынас арқылы оқушылардың сауаттылығы, сөйлеу білігі дамиды, оқуға деген қызығушылығы артады және соның нәтижесі ретінде оқу үлгерімі де біршама жақсы көрсеткіштерді көрсетеді. Желі қауымдастығы арқылы өткізілетін жобалар оқытылып жатқан тілдің мәдени

мұрасымен таныстырады, адами құндылықтардың қауымдастығы негізінде өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін қайта ойлауға негіз болады. Берілген оқыту және тәрбиелеу моделін қазақстандық мектептерде қолдану қазақ, ағылшын және орыс тілдерін жақсы деңгейде білетін, халықаралық кеңістікте еркін бейімделе білуге үйлесімді жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі. Тәжірибе көрсеткіші бойынша, көптеген абитуриенттер өздерінің болашақ кәсіптерін ағылшын тілімен байланыстырады, беделді жұмыс тауып, маңсап баспалдақтарына сәтті шығу үшін өте қажет деп есептейді. Бірнеше тілдерді меңгерудің арқасында қоғамдық беделдерін арттырып, көптілді ортада лайықты орын алуға бірден-бір негіз болатындығына сенеді, басқаша айтқанда, кез келген ортада коммуникативті-бейімделген тұлға бола алады.

Мектепте ағылшын тілін оқытудың тәрбиелік, оқыту және дамыту мақсаттарымен қатар, практикалық мақсаты орын алады, яғни шетел тілінде сөйлеу біліктерін меңгеру және оқушылардың білімді дербес түрде толықтыру дағдыларын қалыптастыру. Дәстүрлі оқыту әдісінде бұл мақсаттар келесі факторлар әсерінен тежеледі:

- Индивидуалды оқыту жағдайлары қарастырылмайды;
- Сабақ кезіндегі оқушылардың әліз белсенділігі орын алады;
- Оқушылардың мотивациясының төмендігі байқалады;
- Тіл иелері мен шет тілдік ортада ғана алға басатын мотивацияның төмендеуі;
- Алынған білімнің күнделікті өмірде қолдану қажеттілігінің болмауында.

Бұл мәселелер әдістеме ғылымында қарастырылып, оқыту құралдарын жаңарту, сабақты түрлі формада ұйымдастыру, сонымен қатар оқыту үдерісін шет тілдік ортаға сай келтіріп ұйымдастыру секілді шаралар қарастыру негізінде мәселенің шешілу жолдары ұсынылды. Алайда, барлық жағдайда шет тілдік орта құру мәселесі және оның негізі ретінде шетел тілінде сөйлеу қажеттілігін арттыру мәселесі әрі де өзекті. Қазіргі таңда мектептегі жаңа ақпараттық коммуникативтік технологиялардың енгізілуі нәтижесінде бұл мәселелерді шешуге мүмкіндік туып отыр [5, б.45].

Ал желі қауымдастық жобалау әдісі дегеніміз – кең мағынасында, қашықтан оқыту барысында ақпарат алмасу амалдары. Оқытуда желі қауымдастық жобалау әдісін қолдану – жобалау әдісінің ғаламдық ақпараттандыру және желі қауымдастығы жағдайларында жоба әдісінің жетілу бағыты болып табылады.

Желі қауымдастық жобалау әдісі педагогикалық технологиялардың дамуына үлкен ықпалын тигізеді. *И.Н. Фалина* желі қауымдастық жобалау әдісін: «оқыту үдерісін жекелуге, оқушының жоспарлауда дербестік көрсетуге, өз іскерлігін ұйымдастырып, бақылауға және тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық танытуға мүмкіндік беретін кешендік оқыту әдісі» деп айқындайды [3, б.23]. Ал *С.В. Семеновтың* пікірі бойынша: «желі қауымдастық жобалау әдісі белгілі бір маңызды нәтижеге қол жеткізуге бағытталған іскерлік». Менің ойымша, желі қауымдастық жобалау әдісі алынған білімнің сол мезетте практикалық іс жүзінде қолдануға және оқушының мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдіс [9, б.56]

Е.С. Полат: «желі қауымдастық жобалау әдісі компьютерлік желі қауымдастық негізінде ұйымдастырылған, біріккен нәтижеге қол жеткізу мақсатында ортақ мәселе, мақсат, келісілген әдістер мен мәселенің шешулі жолдары бар оқушылар-серіктестердің оқу-танымдық, ғылыми, шығармашылық немесе ойын іскерлігі деп түсінеміз» деп тұжырымдайды [4, б.13]. Ортақ мәселені шешуге бағытталған желі қауымдастық жобалауда жекелеген оқушылар немесе бір жастағы, не әртүрлі жас айырмашылығы бар оқушылар тобы қатыса алады. Желі қауымдастық жобалау әдісі бір жағынан әртүрлі оқыту әдістері мен амалдарын қарастырады, сонымен қатар білімнің, ғылымның, техниканың және шығармашылықтың әртүрлі салаларынан білім мен біліктерді біріктіреді және компьютер арқылы жұмысты одан әрі жетілдіруді де қарастырады.

Е.С. Полаттың тұжырымдамасы бойынша, ақпараттық технологиялар келесі дидактикалық мәселелерді шеше алады:

1. Оқу және тыңдап-түсіну біліктерін қалыптастыру және дамыту;

2. Жазу білігінің, монологтық және диалогтық сөздердің жетілуі;
3. Активті және пассивті сөздіктердің кеңеюі;
4. Мәдениет және елтану салаларында жаңа білім қалыптастыру;
5. Ғаламдық ойлау жүйесін қалыптастыру (мәдениет диалогтары);

6. Танымдық іскерліктің тұрақты мотивациясын қалыптастыру, шынайы қарым-қатынас үшін шет тілдік сөзді қолдану қажеттілігі;

7. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру [4, б.26].

Желі қауымдастық байланысы қысқа уақыт мерзімінде алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды іске асыруға мүмкіндік беріп, оқушының жалпы дамуына үлкен септігін тигізеді.

Желі қауымдастығы арқылы ұйымдастырылған қарым-қатынас оқушыларды үлкен жауапкершілік пен дербестікті жүктейді. Ал оқытушы жобалау барысында оқушыларды динамикалық және шығармашылық қарым-қатынасын бағыттап, тапсырмаларды өте тиянақты және мұқият жоспарлауы тиіс.

Айта кететін жайт, оқушылар мұғалімнің берген тапсырмасымен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар жоба қатысушыларымен жеке қарым-қатынас түріне көшуі мүмкін. Ол үшін бір мезетте хабарлама алмасу бағдарламасы ISQ немесе халықаралық даңққа ие Facebook қоғамдық желісін қолдануы мүмкін. Мұндай қарым-қатынас формасы сөйлеу білігін одан әрі жетілдіре түседі.

Хат алмасу барысында оқушылар компьютер арқылы аутенттік ағылшын сөзін, яғни сөйлеу және жазба сөзінің қолданыс ерекшелігін көреді. Сонымен қатар, нақты жағдайда жауап хатын жазу қажеттілігін түсініп, оқушылар әртүрлі хат түрлерін, яғни жеке хат, ой-толғаныс хат немесе эссе жазуды үйренеді. Мәселеге қатысты сауалдарды талқылау, шет тілінде алынған ақпаратты бөлісу барысында сөйлеу білігі де дамиды.

Ғаламтор жобаларын құру мақсатында әлемнің әр түкпірінен мектептерді қосатын көптеген сайттар бар. Мысалы, халықаралық желі қауымдастығы арқылы жоба жұмыстарын іске асыруға, бірдей көрсеткіштерді таңдауға мүмкіндік беретін (оқытылатын тіл елі, шамамен бір жастағы оқушылар, тиімді қарым-қатынас жасауға деген қызығушылық) www.epals.com, www.iearn.org, www.kidlink.org, www.virtualclassroom.org және т.б. платформалар бар. Төмендегі кестеден аталмыш сайттардың сипаттарына қарай артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталған. [10,11,12]

Сипаты	Epals	IEARN	Connecting classrooms	Kidlink
Жобалардың сан алуандығы				
Мұғалімнің бақылауы үстем				
Қауіпсіздік				
Электронды хат жолдау				
Сыныптық блог				
Тіркелу шарттары				

Берілген платформалар арасында мектеп оқушылары немесе жоғары оқу орындары студенттерімен желі қауымдастық оқыту әдісін іске асыруға ең қолайлы деп тапқан платформа – iEARN платформасы болып табылады. iEARN – әлемнің 130 мемлекетінен 30 мыңға жуық мұғалімдер және 2 миллионға жуық жастарды қосатын бейкоммерциялық желі, әлемді құрылымдық түрлендіруге бағытталған ғаламдық желі арқылы жобаларды іске асыру негізінде серіктесіп жұмыс жасайтын қоғамдастық [8].

iEARN келесі жоба түрлерін ұсынады [6]:



Аталмыш желі қауымдастық арқылы жобалар мен хат алмасу яғни тілдік орта құру аясында ағылшын тілі пән мұғалімдерінің белсенділігін анықтап және әдістемелік көмек көрсету үшін 3-4.02.2017 аралығында Қарағанды облысының мектеп мұғалімдері арасында «Integration an online collaborative project into the classroom» атты семинар өткізілді. Тындаушылардың саны 50 мұғалімдерді құрады. Семинардың мақсаты желі қауымдастық платформаларын қолдану перспективаларын айқындауда болды. Мақсатты іске асыру негізінде келесі міндеттер анықталды:

- Мұғалімдерді желі қауымдастық жобалау платформаларымен таныстыру;
- Оқушылардың ағылшын тілін үйренуге мотивациясы мен белсенділігін арттыру;
- Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, әлемнің әр түкпірінен достар табуға септік тигізу;
- Мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытып, оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- Мұғалімдердің шетелдік әріптестерімен оқыту мәселелерін талқылауға ат салысу;
- Оқушылардың мұғалімдерімен бірлесіп, нәтижелі жұмыс жасауының жаңа мүмкіндіктерін ашу.



Семинардың өткізілу барысына келетін болсақ, алғашқы кезде мұғалімдер арасында сауалнама өткізілді, яғни аталмыш желі қауымдастық түсінігі және оқыту, жобалау платформалары жөнінде бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама парақтары таратылды. Оның нәтижесі бойынша, мұғалімдердің көбісі аталмыш жоба түрлерін алғашқы рет кездестіріп тұрғандарын жасырмады.

Сауалнаманың алғашқы «Сіз желі қауымдастық жобалау әдісін қолданып көрдіңіз бе?» деген сұрағына

қатысушы мұғалімдердің 90% тәжірибеде ешқашан қолданып көрмегенін белгіледі, ал мұғалімдердің тек 10% ғана сабақ барысында қолданғандығын көрсетті. Сауалнаманың алғашқы сұрағының көрсеткіші бойынша мұғалімдердің көбі аталған әдіс жөнінде хабарсыз екендігін көріп отырмыз.

Сауалнаманың келесі сұрағы, яғни «Сіз желі қауымдастығы арқылы ұйымдастырылған жобаларға қатысып көрдіңіз бе?» деген



сауалына мұғалімдердің 100% «жоқ» деп жауап берді. Алайда барлық мұғалімдер «Сіз мәдениетаралық қарым-қатынасты арттыру негізінде өз сыныбыңызды шетелдік мектеппен желі қауымдатығы арқылы байланыстырғыңыз келеді ме?» деген сауалға мұғалімдердің барлығы бір ауыздан, яғни 100%-ы «иа» деп жауап берді. Сонымен қатар мұғалімдерден желі қауымдық жобалау әдісі келесі қандай мүмкіндіктерді ұсынады, яғни

- Мәдениетаралық қарым-қатынас;
 - Нәтижелі топтық жұмыс;
 - Оқушыға бағытталған оқыту түрі;
 - Оқушыларды мадақтау;
 - Тілдік орта қалыптастыру;
 - Оқушылардың мотивациясының артуы;
- деген жауап нұсқаларын таңдау керек болды.



Семинардың негізінде мұғалімдер желі қауымдастық жобалау әдісі және платформалар жөнінде қызықты ақпаратты алып, алынған білімді практика жүзінде қолданды. Мәселен, мұғалімдер iEARN платформасына тіркеліп, ұсынылған жобалардың бірін таңдап, шетелдік әріптестерімен онлайн келіссөз өткізу керек болды. Берілген нұсқаулық бойынша оқушыларының серіктес оқушылармен жас деңгейі, әрі қызығушылықтары бір сарында болып, бірлесіп жұмыс жасау көзделді.

Сонымен қатар, семинар мазмұны мұғалімдер үшін өте тиімді болды, себебі желі қауымдастық жобалау әдісі арқылы келесі атқарымдарды орындай алды:

- өзге елдегі әріптестермен қарым-қатынас орната алды;
- халықаралық мұғалімдер қоғамдастығы аясында оқыту мәселелерін талқылай алды;
- өзінің оқушыларымен іке асыра алатын жобалар үшін ресурсты идея негіздерін табуға мүмкіншілігі зор болды;
- әлемнің әр түкпірінен ауқымды, әрі түрлі мағлұматтарға ие бола алды (сонымен қатар сабақ өңдеулері).

Семинарды қорытындысы ретінде, мектеп мұғалімдері семинар мақсатына жетіп, ұйымдастырылған арнаулы плакатқа өз ойлары мен тілектерін стикер арқылы білдіріп, жабыстырды. Стикерларды талдай отыра, мұғалімдер оқыту үдерісінде ұсынылған оқыту әдісін, яғни желі қауымдастық жобалау әдісі мен ұсынылған жобаларды өз сыныптарында өткізгісі келетін ниеттеріне күмәніміз жоқ.



Қорытындылай келе, кез келген шет тілін меңгеру үшін практика жүзінде тіл біліктерін қолдану үшін серіктес қажет, сол себепті хат алмасып, халықаралық жобаларға қатысу мұғалімнің бақылауы арқылы тіл меңгеруде үлкен жетістіктер әкелуі сөзсіз. Әдетте, оқушылар өзге елдердің өмір салтына, мәдениетіне үлкен қызығушылық танытып, шетелдік құрдастармен қарым-қатынас жасауға талпынады, сол себепті желі қауымдастық жобалау әдістерін қолдануды үлкен ынтымақпен қарсы алады деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. <https://baq.kz/kk/news>
2. <http://www.inform.kz/>
3. Фалина И.Н. Информационно-коммуникационно-технологическая компетентность. Москва,

2007

4. Полат, Е.С. Типология телекоммуникационных проектов // Наука и школа. – 1997.
5. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. — М., 2003.
6. www.media.earn.org/projects
7. www.foro.earn.org/earnforums/teacher
8. www.media.earn.org/projects/localhistory

9. Семенов, С.В. Использование телекоммуникационных проектов для формирования иноязычной социокультурной компетенции у учащихся старших классов (на примере США и России) // 2007
10. <https://schoolsonline.britishcouncil.org/partner-school/professional-partnerships>
11. <https://www.epals.com/#/exploreExperience>
12. <http://www.kidlink.org/>

Пальмин Е.С., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. ФКиС-42, студент
(*Научные руководители — м.п.н., преп. Барбанова Н.В., м.п.н., ст.преп. Назарова А.М.*)

ВЛИЯНИЕ ИГРОВОГО МЕТОДА НА РАЗВИТИЕ ФИЗИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ В СРЕДНЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Важнейшая социальная задача современного общества состоит в том, чтобы вырастить поколение граждан, гармонически сочетающих в себе духовное богатство, моральную чистоту и физическое совершенство. Исключительное значение при этом играет физическое воспитание подрастающего поколения [1].

Президент Республики Казахстан в своем послании народу Казахстана [2] указывает на необходимость поставить дело так, чтобы каждый человек смолоду заботился о своем физическом развитии, обладал знаниями в области гигиены и медицинской помощи, вел здоровый образ жизни. Организация такого воспитания и его постоянное совершенствование требует глубоких комплексных исследований места и роли физической культуры и спорта в образе жизни детей школьного возраста, так как именно в эти годы закладывается фундамент личности человека, формируются установки, навыки, устойчиво сохраняющиеся на протяжении его жизни. В этот же период складывается отношение, интерес к физкультурно-спортивным занятиям, зарождаются предпосылки физического совершенствования.

В настоящее время очень важна проблема повышения эффективности учебно-воспитательного процесса. Его можно успешно реализовать, применяя различные средства, методы, приемы и способы физического воспитания, привития необходимых умений и навыков самостоятельных занятий физическими упражнениями [3].

Целью исследования явилось изучение методики использования игрового метода при развитии физических качеств в среднем школьном возрасте.

Для достижения указанной цели большое значение имеют правильный выбор и сочетание методов обучения.

Исследование проводилось на базе общеобразовательной школы №23. В нем приняли участие 45 учащихся среднего школьного возраста (6 класс).

Организация эксперимента проходила по следующей схеме: предварительное тестирование — проведение экспериментальных уроков и внеурочных занятий — контрольное тестирование.

Были сформированы 3 опытные группы: из них 2 экспериментальные (ЭГ-1 и ЭГ-2) и 1 контрольная (КГ) группы.

Проводилось тестирование уровня физической подготовленности по контрольным испытаниям [4], предусмотренным программой физического воспитания в школе для учащихся 6-х классов. На основании изучения особенностей развития учащихся и определения их уровня физической подготовленности для учащихся была разработана экспериментальная программа занятий подвижными играми различной направленности на уроках физической культуры у учащихся 6-х классов.

Разработанная экспериментальная методика занятий подвижными играми различной направленности была применена в процессе уроков физической культуры учащихся экспериментальных групп (ЭГ-1 и ЭГ-2). В контрольной группе данная методика не проводилась с целью определения эффективности разработанной нами экспериментальной программы занятий подвижными играми различной направленности у учащихся, а также ее